

ӘОЖ 349.3

Ж.Ж. Галипова, заң ғылымы магистрі
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)
E-mail: zhanik0108@mail.ru

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қамтамасыз етудің кейбір мәселелері

***Аңдатпа.** Мақалада қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау, халыққа арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау мәселесі, соның ішінде көп балалары бар отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік әлеуметтік көмек мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен шет елдерде көп балалары бар отбасыларға қандай жәрдемақы, оның түрлері мен мөлшері бойынша салыстырмалы талдау жасалынған.*

***Түйін сөздер:** халықты әлеуметтік қорғау, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, көп балалы отбасы, жәрдемақыны тағайындау.*

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1]. Еліміз жаңа Конституцияны қабылдағаннан кейін мемлекетімізде елеулі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы егемен ел болып, тәуелсіздігін алғаннан кейін нарықтық реформалар жүргізу барысында әлеуметтік жүйенің тиімсіздігімен соқтығысты. Ол әлеуметтік мақсатқа бағытталған қажетті қаржы-қаражаттың жеткіліксіздігіне, ал қолданыстағы қаражаттың тиімсіз жұмсалыуымен байланысты болды. Сондай-ақ азаматтардың жұмысқа қабілеттілігін төмендеуі, соның ішінде кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы және т.б., демографиялық жағдайдың күрт төмендеуі, сондай-ақ еңбек етіп жүрген азаматтардың зейнеткерлікке шығуы жағдайды ушықтырды.

Мемлекетіміз нарықтық экономикаға көшу барысында әлеуметтік жүйеге түбегейлі өзгерістер енгізді: халықтың әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатымен заңнамаларға, нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сонымен қатар халықты әлеуметтік қорғау жүйесін енгізу қажет етті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусым N 886 «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы» қаулысына сәйкес әлеуметтік қорғау – бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе [2]. Осы тұжырымдамаға сәйкес әлеуметтік қорғаудың элементтеріне келесілер жатады: мемлекеттік жәрдемақы, міндетті әлеуметтік сақтандыру, жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік көмек. Жоғарыда аталғандардың ішінде мемлекеттік жәрдемақы мәселесіне кеңінен тоқталып кетсек...

Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365-І Заңында және Қазақстан Республикасының соған сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жәрдемақы алуға құқығы бар. Жәрдемақы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне кіреді және оларды алуға құқығы бар азаматтарға ай сайын ақша төлеуді білдіреді. Қазіргі таңда жоғарыда аталған мәселелердің ішінде ең өзектісі – көп балалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне тоқталсақ.

Жәрдемақы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған, құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы отбасылар жоғарыда аталған Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес жәрдемақы алу құқығын сақтап қалады [3].

Қазіргі таңда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындап отыр. Оның басты бір себебі – соңғы кездердегі балалардың, жас жеткіншектердің ата-ананың бақылаусыз қалып, түрлі жағдайларға душар болуы. Атап айтқанда соңғы кезде елімізде болған бір отбасының бес бірдей баласының ата-ана қарауына қалып, түнгі уақытта өртке оранып, қаза табуы. Әрине, бұл біріншіден, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде көп балалы ата-аналардың немесе кішкентай балалары бар ата-аналардың, анасыз тәрбиеленіп отырған басқа да отбасы мүшелерінің мәселелеріне көп көңіл бөлу қажет екендігін білдіреді. Алайда бұл көп балалы немесе кішкентай балалары бар отбасыларға қатысты әлеуметтік көмек көрсетілмей жатыр дегенді білдірмейді.

Отбасы саясатын нығайту мақсатында мемлекет тарапынан көп балалы аналардың мәртебесі мен беделін арттыру үшін әлеуметтік қолдау шарасы ретінде оларға да арнайы жәрдемақы қарастырылған. Мәселен, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр анна» атағын

алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға 6,4 АЕК немесе 2018 жылы 15 392 теңге төленеді. Бірге тұратын төрт және одан көп кәметке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға (арнаулы мемлекеттік жәрдемақы 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін тағайындалған отбасыларға ғана) 4,16 АЕК немесе 2018 жылы 10 005 теңге төленеді.

Алайда көп балалы отбасыға айына барлық балаларына 10,005 теңге тым аз қаражат. Мемлекетімізді өзге шет елдердің әлеуметтік қамсыздандыруымен салыстырсақ, интернет желісінде берілген мәліметтерге сүйенетін болсақ...

Кейбір елдерде көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы мөлшері: АҚШ-та – 200 доллардан бастап; Францияда отбасы табысы 5000 еуродан аз болса, әрбір отбасы мүшесіне ай сайын 180 еуродан бастап; Германияда әрбір балаға 170 еуро; Австрияда әрбір балаға 160 еуро; Ресейде үшінші баладан бастап сәби 3 жасқа толғанша 6000 рубль.

Францияда көп балалы отбасын қолдау және жәрдемдесу мақсатында 1921 жылы қабылданған «Үлкен отбасы» мемлекеттік бағдарламасы табысты жұмыс істеп тұр. Бала саны көбейген сайын салық азая береді. Мысалы, төрт баласы бар отбасы салықтан мүлде босатылады. Бұл жеңілдік бай-кедей деп бөлмей, ел азаматтарына түгел таралған. Дәл осындай жүйе Германияда да бар.

Швецияда көп балалы отбасыларға елеулі жеңілдіктер бар және ол кезекті сәби туған сайын өсе береді. Сондай ақ, табысы аз отбасылар үшін қосымша жәрдемдер бекітілген. Мысалы: пәтер ақы төлеуден босату, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне тегін қатысу. Сондай ақ, азық-түлікті тегін алуға арнайы талон беріледі.

Польшада табысы төмен көп балалы отбасына арнайы жәрдемақы тағайындалады. Егер отбасында мүгедек бала болса және оның күтіміне байланысты ата-анасының бірі жұмысқа шыға алмайтын жағдайда – жәрдемақы мөлшері екі есе артады.

Израильде төртінші баладан бастап әрі қарай ең кенжесі 18 жасқа толғанша жәрдемақы төленеді [4].

Екіншіден, тек әлеуметтік қамтамасыз ету жағынан ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне де өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындап жатыр. Яғни көп балалы әйелдерді, жалғыз басты аналарды немесе анасыз тәрбиелеп отырған басқа да отбасы мүшелерін түнгі уақыттағы жұмысқа тартуға тыйым салу бойынша өзгерістер енгізу қажет [5].

Отандық ғалымдар да Қазақстан Республикасының әлеуметтік жүйесін зерттеу нәтижесінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу деген қорындыға келді. Оған себеп Қазақстан Республикасында әлі күнге дейін жәрдемақы, өтемақы беруде, әлеуметтік көмек көрсету кезінде азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің, лауазымды тұлғалардың қандай да болсын жауапкершілігі заңнама бойынша қарастырылмаған. Әкімшілік заңнама бойынша мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік сақтандыру заңнамаларын бұзғаны үшін ғана жауапкершілік қарастырылған. Дегенмен жәрдемақыны, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау бойынша заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Жоғарыда аталған мәселелер қолданыстағы заңнамалар мен нормативті-құқықтық актілерді жетілдіру барысында шешімін табуды талап етеді. Азаматтардың мемлекетпен кепілденген әлеуметтік құқықтарын жүзеге асыру үшін міндетті түрде әлеуметтік қорғау мен қамсыздандырудың барлық нысандарына азаматтардың әлеуметтік құқықтарын тиісті түрде жүзеге асыруын қамтамасыз етілмегені үшін заңды жауапкершілік қарастырылуы тиіс.

Аталған мәселе бойынша қарастырылуға ұсынылатын мемлекеттік басқарудың келесі аспектісі – әлеуметтік заңнаманың орындалуын және әлеуметтік құқықтардың жүзеге асырылуын қадағалау. Мемлекеттік орган жүйесінде әлеуметтік салада әлеуметтік қатынастар мен құқық қолдану тәжірибесін жүзеге асыруды бақылайтын уәкілетті тұлға мен заңды түрде міндетті тұлға жоқ. Қазіргі кезде мемлекеттік басқару жүйесінде мемлекет пен қоғамның басты салаларының бірі әлеуметтік салаға мемлекеттік-құқықтық ықпал жасау механизмінде қажетті субъектінің жоқтығы жайлы айтуға болады. Сондықтан ғалымдардың ойынша, жоғарыда аталған мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрлігіне қарасты – Мемлекеттік әлеуметтік инспекция мамандандырылған органды құру ұсынылады. Министрлікке қарасты мемлекеттік әлеуметтік инспекторлар Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік қамсыздандыру, қызмет көрсету, сақтандыру, әлеуметтік қорғау бойынша заңнаманың толық орындалуын бақылауы тиіс [6].

Жоғарыда аталған мәселелерді зерттей келе, келесідей қорытынды жасалынды, яғни бірге тұратын төрт және одан көп кәметке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға олардың материалдық жағдайына қарамастан қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатымен келесідей өзгерістер енгізу үшін ұсыныстар жасауға болады:

- туғанда балаға төленетін ай сайынғы жәрдемақыны 1 жастан 3 жасқа дейін ұзарту;
- әр балаға ай сайын кем дегенде 15,000 теңге мөлшерінде қаражат бөлу;
- ата-аналарды зейнеткерлік жасқа өзгелерге қарағанда 3-5 жыл бұрын шығару;
- салық төлеу құнын азайту;
- пәтер немесе үй сатып алу үшін алғашқы % жарнадан босату;
- жоғары оқу орындарында оқу үшін жеңілдіктер қарастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz>

2 Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 27 маусым N 886 // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz>

3 Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365-І Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz>

4 Көп балалы отбасыларға әр елде қандай көмек көрсетіледі? Мақала. – Кіру режимі: <https://www.qamshy.kz/article/kop-balali-otbasilargha-ar-elde-qanday-komek-korsetiledi.html>

5 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz>

6 Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А. Правовое регулирование социальных прав, гарантий семьи и ребенка в условиях реализации нового социального курса в Республике Казахстан: монография. – М.: БИБЛИО-ГЛОБУС, 2017. – 222с.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respýblikasynyń Konstýtýtsıasy. Konstýtýtsıa 1995 jyly 30 tamyzda respýblikalyq referendýmda qabyldandy // Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júiesi. – Access mode: <http://adilet.zan.kz>

2 Qazaqstan Respýblikasynyń Halyqty áleymettik qorǵay tujyrymdamasyn maquldaý týraly Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń qaýlysy. 2001 jylǵy 27 maýsym N 886 // Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júiesi. – Access mode: <http://adilet.zan.kz>

3 Qazaqstan Respýblikasy azamattarynyń "Qazaqstan Respýblikasyndaǵy arnaýly memlekettik járdemaqy týraly" Qazaqstan Respýblikasynyń 1999 jylǵy 5 sáýirdegi N 365-I Zańy // Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júiesi. – Access mode: <http://adilet.zan.kz>

4 Kóp balaly otbasylarǵa ár elde qandai kómek kórsetiledi? Maqala // Intrenet jelisi. – Access mode: <https://www.qamshy.kz/article>

5 Qazaqstan Respýblikasynyń Eńbek Kodeksi 2015 jylǵy 23 qarashadaǵy № 414-V QRZ // Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júiesi. – Access mode: <http://adilet.zan.kz>

6 Búribaev E.A., Hamzina J.A. Pravovoe regýlrovaniye sotsialnyh prav, garantii semii i rebenka v ýsloviyah realizatsii novogo sotsialnogo kýrsa v Respýblike Kazahstan: monografiya. – M.: BIBLIO-GLOBÝS, 2017. – 222s.

РЕЗЮМЕ

Ж.Ж. Талипова, магистр юридических наук
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

**О некоторых проблемах социального обеспечения
в Республике Казахстан**

В статье рассмотрены вопросы социальной защиты населения в Республике Казахстан на современном этапе, назначения специальных государственных пособий населению, в том числе государственной социальной помощи семьям, имеющим детей. Кроме того, проведен сравнительный анализ распределения пособий по его видам, размеров пособий семьям, имеющим много детей в Республике Казахстан и за рубежом.

Ключевые слова: социальная защита населения, назначение специального государственного пособия, многодетные семьи, пособие.

RESUME

Zh.Zh. Talipova, master of law
Innovative Eurasian University (Pavlodar)

***On some problems of social security in the Republic
of Kazakhstan***

The article deals with the issues of social protection of the population in the Republic of Kazakhstan at the present stage, the appointment of special state benefits to the population, including state social assistance to families with children. In addition, a comparative analysis of the distribution of benefits by type and size of benefits to families with many children in the Republic of Kazakhstan and abroad. Studying the current legislation.

Key words: *social protection of the population, the appointment of a special state allowance, large families, allowance.*